

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігіҚазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрінің 2019
жылғы 29 шілдедегі № 337
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2019 жылғы 30
шілдеде № 19120 болып тіркелдіМинистерство образования и науки Республики
Казахстан

Орта білім беру ұйымдарында 2019 - 2020 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2019 - 2020 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

- 1) 2019 - 2020 оқу жылының басталуы - 2019 жылғы 1 қыркүйек;
- 2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

3) оқу жылы барысындағы каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2019 жылғы 28 қазан - 3 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2019 жылғы 30 желтоқсан – 2020 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 13 күн (2020 жылғы 21 наурыз – 2 сәуірді қоса алғанда);



1-сыныптарда: 7 күн мерзімде (2020 жылғы 3-9 ақпанды қоса алғанда)
қосымша каникул белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке
дейінгі және орта білім департаменті (Ш.М. Қадырова) Қазақстан Республикасы
заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн
ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрін Қазақстан
Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне
ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
«Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты»
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына
жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2)
және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы
мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім
және ғылым вице-министрі Ф. Н. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.